



EGEMEN QAZAQSTAN

№221 (30200) 19 ҚАРАША, ЖҰМА 2021 ЖЫЛ

Жүз жылдық жыйнама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Сыртқы саяси жұмыс тәсілдері қайта сараланады

Мемлекет басшысы Сыртқы істер министрлігінің алдында тұрған маңызды міндеттерді атады

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Сыртқы істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті.

Светлана ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Мемлекет басшысы бұл басқосудың Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейлі белесі қарсаңында өткізіліп отырғанын, осы тарихи межеге біз толағай табыспен жетіп отырғанымызды еске салды.

– Қазақстан аймақтық және жаһандық үдерістерге белсене қатысатын беделді мемлекетке айналды. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сыртқы саясатымыздың негізін қалады. Оның тікелей басшылығымен кәсіби дипломатиялық қызмет құрылып, ауқымды сыртқы саяси міндеттер шешімін тапты. Әсіресе, мемлекеттік шекарамыздың толық бекітілуі теңдессіз тарихи жетістік болды және мемлекетіміздің қауіпсіздігін күшейтуге айрықша ықпал еткен шешімге айналды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, «Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияның» қабылдануы – тағы бір айтулы жетістік. Ол бұған қол жеткізу үшін 20 жыл бойы табанды жұмыс атқарылғанын айтып, келіссөздерге қатысқан қызметкерлердің еңбегін еліміз жоғары бағалайтынын жеткізді. Осы ретте Президент оларды мемлекеттік наградалармен марапаттайтынын хабарлады.

– Шегенделген шекара – Қазақстанның аумақтық тұтастығының кепілі. Сондай-ақ стратегиялық серіктестеріміз – Ресей, Қытай және Орталық Азия елдерімен достық қатынасымыздың мызғымас негізі.



Суретті түсіріледі А. ДУСЕНБЕК, Г. ОМІРБЕКОВ

Қазақстан АҚШ және Еуропа Одағы елдерімен стратегиялық байланыс орнатты. Бұл мемлекеттер – біздің инвестиция және сауда саласындағы әріптестеріміз. Біз көпжақты, сарабал дипломатияны берік ұстанып келеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Семей полигонының жабылғанына 30 жыл толғанын еске салған Президент еліміздің ядролық қару-жарақтан өз еркімен бас тартқанын тағы бір мәрте айтты.

– Бұл шешуші қадам Қазақстанның әлемдік қоғамдастықтағы беделінің артуына зор үлес қосты. Еліміз Жаһандық ядролық қаруға қарсы қозғалыс көшбасшыларының қатарына қосылды. Елбасы ұсынысы бойынша ядролық қарусыздануға арналған әлемдік форумды әзірлеу қажет.

Келесі жылы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске 30 жыл толады. Осыған орай елордамызда осы форумның VI саммиті өтеді. Бұл жиынды ұйымдастыру үшін Сыртқы істер министрлігі ауқымды жұмыс атқаруы керек. Біз бұл Кеңесті біртіндеп құрылғағы Қауіпсіздік және даму ұйымына айналдыруды көздейміз.

Қазақстан дипломатиясы көптеген мәселені, тіпті аса күрделі халықаралық түйткілдердің өзін мәміле арқылы шешуге мүдделі. Бұл тәжірибе жылдар бойы қалыптасқан және оң нәтиже көрсеткен, – деді Қ.Тоқаев.

Президент өз сөзінде еліміздің мемлекетаралық және азаматтық қатығыстарды реттеу үшін бітімгерлік бастамалар

ұсынып, ара ағайын болып жүргенін айтты. Сондай-ақ Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізіп, өркениеттер үндестігін орнатуға күш салғанын жеткізді. Оның айтуынша, осының бәрін шетелдік әріптестеріміз жоғары бағалап, жан-жақты қолдау білдірді.

– Атап айтқанда, 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық еттік. Қазақстан 2017-2018 жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болды.

Қазақстан – Еуразия құрлығындағы көпжақты құрылымдардың негізін қалаушы елдердің бірі.

Еліміз ТМД, Еуразия экономикалық одағы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Ислам ынтымақтастығы Ұйымы және басқа да құрылымдардың жұмысын жандандыруға белсене атсалысып келеді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жақында ғана бауырлас елдер бірлесіп, Түркі кеңесі толыққанды ұйымға айналғанын хабарлады. Ол Түркі тілдес мемлекеттер ынтымағының жаңа кезеңі басталғанын мәлімдеді.

– Қазақстан алып құрлықтың дәл ортасында тұр. Бұл – географиялық тұрғыдан тиімді. Біздің төңірегінде бейбітшілік белдеуі қалыптасты. Ел ішіндегі ахуал тұрақты. Сыртқы экономикалық қарым-қатынасқа барынша ашықпыз. Мұның бәрі – инвесторлар үшін өте қолайлы жағдай.

Бүгінде Орталық Азиядағы шетел инвестициясының 75 пайызы Қазақстанға тиесілі. Соның арқасында еліміз өңірдегі экономикалық көшбасшыға айналды.

Үкіметтің және дипломаттардың алдында тұрған аса маңызды міндет – аймақтың көшбасшылық ролін одан әрі нығайту. Осы жұмыстың қарқынын

бәсеңдетуге болмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Жиында пандемия кезеңіндегі дипломатиялық қызмет тақырыбы да қозғалды.

– Бүкіл әлемді пандемия жайлағанына екі жылға жуықтады. Оның салдары Қазақстанға да оңай тиген жоқ. Біздің дипломатиялық корпус осы күрделі кезеңде жоғары деңгейде қызмет етті. Шетелдегі мыңдаған азаматымызға көмек көрсетті. Сыртта қалып қойған отандастарымызды елге алып келу үшін тиісті жұмыс атқарды.

Дипломаттарымыздың арқасында Қазақстанға гуманитарлық көмек жеткізілді. Біз де бірқатар мемлекетке қолдау көрсеттік.

«Вакциналық дипломатияның» нәтижесінде Орталық Азиядағы індетке байланысты ахуалды тұрақтандыруға үлес қостық. Түрлі қиындыққа қарамастан, сіздер алдымызда тұрған стратегиялық міндеттерді орындап келесіздер.

Атап айтқанда, еліміз ЭКОСОС-қа және Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі кеңесіне сайланды. Биыл теңізге тікелей шыға алмайтын елдер тобына төрағалық етіп отырмыз. Басқа да маңызды бастамаларымызды жүзеге асыру үшін ауқымды шаралар қолға алынып жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру үшін жұмысты жандандыру қажеттігін баса айтты.

Сонымен қатар Ауғанстандағы күрделі гуманитарлық дағдарысты еңсеруге өз үлесімізді қосып жатқанымызды тілге тиек етті. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл – біздің сыртқы саясатымыздың жаппаздық сипатының айқын көрінісі.

(Соңы 2-бетте)

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. «Сейкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

11-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-6) тармақшамен толықтырылсын:

«3-6) қаржы мониторингін жүзеге

асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөнінде өзге де шараларды қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік органға».

(Соңы 6-бетте)

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Адам құқығы – ең қымбат қазына

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы Жолдауында адам құқығын қорғау мәселесін саяси жаңғырумен қатар қояды. Ал күні кеше өткен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің кезекті отырысында Президент бұл жүйені одан әрі нығайту жөнінде айтып, нақты тапсырмалар жүктеді.

Бану ӘДІЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Еліміздің құқық қорғау мәселелерін ілгерілетудегі жоғары нәтижелілігін ерекше атап өткен Мемлекет басшысы кеңесте сөйлеген сөзінде: «Мен адам құқықтарын қорғау бағытына ерекше назар аударамын, өйткені оның жай-күйі, сайып келгенде, біздің қоғамның даму деңгейіне әсер етеді», деп атап өтті.

Біз құқықтық және әділ мемлекет құру жолымен кезең-кезеңімен

ілгерілеп келеміз. Мұны ел Президенті «Мемлекетіміздің стратегиялық бағдарының басым міндетінің бірі – саяси жаңғыруды біртіндеп жүзеге асыру» деп түсіндіреді. Ал бұл міндет соңғы үш жылда адам құқығын қорғау саласына едәуір өзгерістер енгізіп, осы бағыттағы жұмыстарды біршама ілгерілетіп түскені анық. Солардың ішіндегі елеулісі – Үкімет бекіткен Адам құқығын қорғау жөніндегі кешенді жоспар.

(Соңы 9-бетте)

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Қуатты өңір – тұрақты өсім немесе «Жайлы тұрғын үй» жайлы не білеміз?

Ел дамуына ерекше серпін беретін ұлттық жобалардың қатарында «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы да бар. Ол негізгі қызметтерге деген тең қолжетімділікті және елдің көліктік байланысын қамтамасыз етуге бағытталған. Аталған екі бағытты іске асыру үшін 4 тапсырма, 20 көрсеткіш және 94 іс-шара көзделген.

Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Тұрғын үй секторындағы тың қадам

Ұлттық экономика министрі Әсет Ерғалиевтің мәлімдеуінше, ұлттық жобаны қаржыландырудың жалпы көлемі 7,6 трлн теңгені құрап отыр. Оның ішінде республикалық бюджеттен 4 трлн теңге, жергілікті бюджеттен 786 млрд теңге қарастырылмақ. Бұдан бөлек, 2,8 трлн теңге жеке инвестиция тарту көзделген.

– Негізгі қызметтерге тең қолжетімділік бағыты бойынша инфрақұрылымды кешенді дамытуға қатысты екі тапсырманы орындау және «Жайлы тұрғын үй» жаңа тұрғын үй бағдарламасын іске асыру көзделіп отыр. Инфрақұрылымды кешенді дамыту 16 мың шақырым сумен жабдықтау және су тарту желісін, 46 топтық су құбырын, 875 шақырым нөсер көрізі және арық жүйесі желісін салу мен қайта жөндеуді көздейді. «Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде ауыл ішінде 12 мың шақырым инженерлік желі, 10 мың шақырым кентішілік жол және 1,5 мың әлеуметтік нысан салынып,

жөнделеді. Нәтижесінде, қала халқы ауызсумен және ағын суларды тазарту жүйесімен толықтай қамтамасыз етіледі. 3,5 мыңнан астам ауылдың инфрақұрылымы өңірлік стандарттар

жүйесіне сәйкес жаңғыртылады, – дейді Ә.Ерғалиев.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі Қайырбек Өскенбаевтың дерегінше, бүгінде 17,7 млн адам немесе ел халқының 94,1 пайызы сумен жабдықтау қызметімен қамтамасыз етілген. Оның ішінде қала халқының үлесі – 97,5 пайыз (10,6 млн адам), ал ауыл халқының үлесі – 90,1 пайыз (7,1 млн адам).

(Соңы 8-бетте)





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

2. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) 1-бапта:
3-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«3-1) жария лауазымды адам: жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам; лауазымды адам; мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам; мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам; шет мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, өкімшілік, сот органдарына немесе қарулы күштеріне тағайындалатын немесе сайланатын, онда қандай да бір лауазымды атқаратын адам; шет мемлекет үшін қандай да бір жария функцияны орындайтын адам; халықаралық шарттар мәртебесі бар келісімдер негізінде елдер құрған ұйымдарда басшылық лауазымды атқаратын адам; мынадай мазмұндағы 3-2) тармақшамен толықтырылсын:
«3-2) заң мәселелері жөніндегі тәуелсіз маман – заң қызметтерін дербес те, серіктес немесе заң көмегін көрсететін кәсіпкерлік субъектісімен еңбек шарты негізінде жұмыскер ретінде де көрсететін жеке тұлға;»;
14) тармақша алып тасталсын;
2) 3-баптың 1-тармағы 19) тармақшасындағы «қатысушылары жатады.» деген сөздер «қатысушылары;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 20) тармақшамен толықтырылсын:
«20) цифрлық активтерді шығару, олардың саудасаттығын ұйымдастыру, сондай-ақ цифрлық активтерді ақшаға, құндылықтарға және өзге де мүлікке айырбастау бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалар жатады.»;
3) 4-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде:
1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
«1) егер операция сомасы 1 000 000 теңгеге тең немесе одан асатын болса және осы операция өзінің сипаты бойынша ломбарттардың ақшамен, бағалы қағаздармен, бағалы металдармен және асыл тастармен, олардан жасалған зергерлік бұйымдармен және өзге де құндылықтармен (бағалы металдардан жасалған ұлттық валюта монеталарынан басқа) операцияларды қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда жасауына жататын болса;» мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:
«1-1) егер операция сомасы 3 000 000 теңгеге тең немесе одан асатын болса және осы операция өзінің сипаты бойынша ломбарттардың ақшамен, бағалы қағаздармен, бағалы металдармен және асыл тастармен, олардан жасалған зергерлік бұйымдармен және өзге де құндылықтармен (бағалы металдардан жасалған ұлттық валюта монеталарынан басқа) операцияларды қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда жасауына жататын болса;»
2) тармақшаның үшінші абзацындағы «қолма-қол ақша нысанында» деген сөздер «қолма-қол ақшалай немесе ауыстырылсын;»
5) тармақшаның екінші абзацындағы «қолма-қол ақша нысанында» деген сөздер «қолма-қол ақшалай немесе

қолма-қол ақшасыз нысанда» деген сөздермен ауыстырылсын;

- 8) тармақшадағы «200 000 000» деген цифрлар «50 000 000» деген цифрлармен ауыстырылсын;
4) 5-бапта:
2-тармақ 2) тармақшасындағы «жүзеге асырылған жағдайларда клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеруді жүзеге асырады.» деген сөздер «жүзеге асырылған;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:
«4) клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған мәліметтердің анықтығына күмәндануға негіздер болған жағдайларда клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеруді жүзеге асырады.»;
3-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Мәліметтерді жаңарту осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда және ішкі бақылау қағидаларымен жүзеге асырылады.»;
5-тармақта:
екінші бөліктегі «ақпаратты» деген сөз «мәліметтерді» деген сөзбен ауыстырылғы; мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:
«Осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 11) және 12) тармақшаларында аталған қаржы мониторингін субъектілері осы бапта көзделген шараларды қабылдаған кезде өз қызреті шегінде қаржы мониторингін субъектілерінің Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен келісу бойынша уәкілетті орган бекіткен нысанмен клиенттердің бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтер алуды қамтамасыз етеді. Бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтерді клиенттер (олардың өкілдері) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен қаржы мониторингін субъектісінің сұрау салуы бойынша береді.»;
5) 8-бапта: тақырыптағы «шетелдік» деген сөз алып тасталсын; бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Қаржы мониторингін субъектілері осы Заңның 1-бабы 3-1) тармақшасының алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтарында аталған жария лауазымды адамдарға қатысты осы Заңның 5-бабының 3-тармағында көзделген шаралардан басқа, қосымша;»;
1) тармақшадағы: «клиенттің шетелдік» деген сөздер «клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің» деген сөздермен ауыстырылсын; «отбасы мүшелеріне» деген сөздер «жұбайына (зайыбына)» деген сөздермен ауыстырылсын;
2) тармақшадағы «шетелдік» деген сөз алып тасталсын;
4) тармақшадағы «қаражат», «қабылдауға міндетті.» деген сөздер тиісінше «клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің қаражат», «қабылдауға.» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:
«5) клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексерудің күшейтілген шараларын қолдануға міндетті.»; мынадай мазмұндағы 2, 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

- «2. Қаржы мониторингін субъектілері тәуекелдің жоғары деңгейі берілген, Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін жария лауазымды адамдардың тізбесіне кіретін жария лауазымды адамдарға, олардың жұбайларына (зайыптарына) және жақын туыстарына қатысты осы Заңның 5-бабының 3-тармағында көзделген шаралардан басқа, осы баптың 1-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында белгіленген шараларды қосымша қолдануға міндетті.
3. Осы Заңның 1-бабы 3-1) тармақшасының алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтарында көзделген адамдарды қоспағанда, жария лауазымды адамдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.
4. Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін жария лауазымды адамдардың тізбесіне кіретін жария лауазымды адам өзінің өкілеттігін орындауды тоқтатқан күннен бастап осы баптың 2-тармағының ережелері жария лауазымды адамға, оның жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына он екі ай бойы қолданылады.»;
6) 11-бапта:
3-тармақтың үшінші абзацы «қаржыландыру тәуекелін» деген сөздерден кейін «(тәуекелдің төменгі, жоғары деңгейлерін)» деген сөздермен толықтырылсын;
3-2-тармақтың бірінші бөлігінде: үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 1) (қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалар және айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғалар бөлігінде) және 12) тармақшаларында көзделген қаржы мониторингін субъектілері үшін уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;» мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:
«осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 6), 9), 10) және 20) тармақшаларында көзделген қаржы мониторингін субъектілері, сондай-ақ тауар биржалары үшін уәкілетті орган және тиісті мемлекеттік орган;»;
7) 13-баптың 1-1-тармағы бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы «күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей» деген сөздер «асудан бастап жиырма төрт сағат ішінде» деген сөздермен ауыстырылсын;
8) 16-бапта:
5-1) тармақшаның бірінші бөлігі «терроризмді қаржыландырумен» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және (немесе) терроризмді қаржыландыруға байланысты өзге де қылмыстық құқық бұзшылық жасаумен» деген сөздермен толықтырылсын; мынадай мазмұндағы 13-6) және 13-7) тармақшалармен толықтырылсын:
«13-6) қаржы мониторингін субъектілері үшін олардың қызметінің ерекшеліктерін және өзіндік ерекшелігін ескере отырып нұсқаулықтарды, әдістемелік ұсынымдарды әзірлейді және бекітеді;
13-7) Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін жария лауазымды адамдардың тізбесіне кіретін жария лауазымды адамдарды, олардың жұбайларының (зайыптарының) және жақын туыстарының тізімін жүргізеді;»;
9) 18-бапта:
2-тармақтың 1) тармақшасы «кезде» деген сөзден кейін

- «ежеке және заңды тұлғалардың деректемелерін көрсете отырып.» деген сөздермен толықтырылсын;
3-тармақта: бірінші бөліктегі «және оның орынбасарларының» деген сөздер «, оның орынбасарларының, облыс прокурорларының және оларға теңестірілген прокурорлардың» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:
«Уәкілетті органның, жалпыға бірдей қолжетімді болып табылатын ақпараттан басқа, сәйкестендіру нәтижелерінің ұлттық тізімдерінде қамтылған мәліметтерді алуы осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген тәртіп ескеріле отырып жүзеге асырылады.»
3. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:
3-қосымша мынадай мазмұндағы 62-тармақпен толықтырылсын:
«62. Цифрлық активтерді шығару, олардың саудасаттығын ұйымдастыру, сондай-ақ цифрлық активтерді ақшаға, құндылықтарға және өзге де мүлікке айырбастау бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама.»
4. «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:
1) 7-бап мынадай мазмұндағы 59-2) және 59-3) тармақшалармен толықтырылсын:
«59-2) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес цифрлық активтерді шығару, олардың сауда-саттығын ұйымдастыру, сондай-ақ цифрлық активтерді ақшаға, құндылықтарға және өзге де мүлікке айырбастау бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалар хабарламаларының мемлекеттік электрондық тізімін жүргізеді;
59-3) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес цифрлық активтерді шығару, олардың сауда-саттығын ұйымдастыру, сондай-ақ цифрлық активтерді ақшаға, құндылықтарға және өзге де мүлікке айырбастау бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалардан хабарламалар қабылдауды жүзеге асырады.»;
2) 33-1-бап мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:
«10. Цифрлық активтерді шығару, олардың саудасаттығын ұйымдастыру, сондай-ақ цифрлық активтерді ақшаға, құндылықтарға және өзге де мүлікке айырбастау бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалар хабарлама жіберуге міндетті.»
2-бап. Осы Заң, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күңтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағын, 2-тармағы 8) тармақшасының екінші және төртінші абзацтарын, 9) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күңтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті К.ТӨКАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2021 жылғы 18 қараша № 73-VII ҚРЗ

ӘКІМ БОЛ, ХАЛҚЫҢА ЖАҚЫН БОЛ

Қызылорда облысында үш өндіріс орны іске қосылады

Тәуелсіздік жылдарынан бері Қызылорда облысының экономикасына 4 трлн теңгеден аса инвестиция тартылған. 1991 жылдан бері 8 млн шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілді. 30 жыл ішінде 500 мыңнан аса бала дүниеге келіп, халықтың өмір сүру ұзақтығы 8 жылға артқан. Тұрғындардың 97 пайызы орталықтандырылған ауыз сумен қамтылды. Осындай көрсеткіштерге қарамастан, өңірде әлі де түйін тарқатылмаған түйткілдер бар.

Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аталған облыс басшысы Гүлшара Әбдіқалықова әуелі өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тоқталды. Ол өз сөзінде тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде Сыр елі қарқынды дамып, индустриалды-аграрлық өлкеге айналғанын айтты. «Тәуелсіздік жылдары өңір экономикасына 4 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Жалпы, өңірлік өнімдегі өнеркәсіп өндірісінің үлесі 1991 жылғы 11 пайыздан 30 пайызға дейін, ал ауыл шаруашылығының үлесі соңғы 10 жылда 3,9 пайыздан 6,3 пайызға дейін артты. Соның ішінде күріштің өнімділігі мен жалпы алынған өнімі бүгінде 1991 жылғы көрсеткіштерден 1,5 есеге өсті. 30 жыл ішінде 8 млн шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілді. Берілген тұрғын үйлердің көлемі 1991 жылғы 260 мың шаршы метрден бүгінде 600 мың шаршы метрге дейін жетті. Халықтың 97 пайызы орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған. 30 жыл ішінде 500 мыңнан астам бала дүниеге келсе, халықтың саны 592 мыңнан 827 мыңға дейін көбейіп, ал өмір сүру ұзақтығы 8 жылға артқан (64,4 жасан 72,79 жасқа дейін). Жүздеген әлеуметтік нысан бой көтерді, оның ішінде облыстық

медициналық, диагностикалық, перинаталдық, мүгедектерді оңалту және тағы басқа орталықтар бар. Спорт инфрақұрылымы нысандарының саны 3 есеге, ал денешынықтыру және спортпен шұғылданатындар саны 6 есеге артты», деді Г.Әбдіқалықова. Спикердің сөзіне сенсек, жетістіктермен қатар, бірқатар маңызды мәселені шешу міндеті де тұр. Айталық, жұмыс істеп тұрған кен орындарының сарқылуына байланысты мұнай өндіру көлемі қысқарып жатыр (92,1%). 2007 жылы өңірде ең жоғары өндіру көлемі 11,7 млн тоннаны құрады. Биыл болжам бойынша 4,2 млн тонна мұнай өндіріледі. Демек, жұмыс орындары да азаймақ. Тығырқан шығар жол қайсы? Бұл сұраққа облыс әкімі: «Жаңа кен орындарын іздеу мақсатында биыл Арал теңізі акваториясының «Батыс» және «Шығыс» учаскелерін, сондай-ақ Сырдария шөгінді бассейні аумағының бір бөлігін сейсмикалық барлау бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу аяқталады. 2022 жылы сейсмикалық барлау жұмыстары басталады. Индустрияландыру бағдарламасының үшінші бесжылдығы (2020-2025 жж.) аясында құны 543 млрд теңгеден асатын 46 инвестициялық жобамен жұмыс жүргізіп келеміз, бұл өз кезегінде 7 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Биыл құны 45 млрд теңгені құрайтын,



қолданысқа түскенде 500-ге жуық жұмыс орны ашылатын 3 жобаны іске қосу жоспарлануда. Оның қатарында Қызылорда қаласындағы шыны зауыты бар. Бұған қоса Биыл Жаңақорған ауданында «Шалқия» кен орынында тау-кен байыту комбинатының (235 млрд теңге) және Арал ауданында кальцийленген сода зауытының (93,5 млрд теңге) құрылысын бастау дайындықтары жүргізілуде. Ал Шиелі ауданында «Баласауыскандық» ванадий кен орнын игеру жұмыстары жалғасуда, осы жылдың желтоқсан айынан бастап, ферромолибден өнімін өндіруді бастаймыз», деп жауап берді. Жалпы, өңірде жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ды құрайды. Жыл басынан бері 27 мыңнан аса жаңа жұмыс орны құрылды (27 549), оның 14114-і – тұрақты. Соның ішінде жұмыспен қамту орталықтары арқылы 849 мүмкіндігі шектеулі адам жұмыспен қамтылды, оның 306-сы тұрақты жұмыс орындарына орналасты. Биыл мүгедектерді әлеуметтік қолдауға барлығы 1,8 млрд теңге бөлінді (ресубликалық бюджеттен 875,2 млн теңге, жергілікті бюджеттен 924,6 млн теңге).

Жұмыс тұрақты, жалақы ай сайын түсіп тұрғанымен, азық-түліктің бағасы өсе беріп, халықтың әлеуметтік жағдайы нашарлайтынаны анық. Осы ретте өңірдегі баға мәселесі қалай шешіліп отыр? «Әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында Тұрақтандыру қоры жұмыс істеп жатыр (жыл басынан бері облыстық бюджеттен 3124 тонна өнім сатып алуға 900 млн теңге бөлінді), айналым схемасы бойынша қарыз қаражатты берілуде. Соңғы 2 жылда осы схема бойынша 15 кәсіпкерлік субъектісіне 1083 млн теңге берілді (кәсіпкер қарыз есебінен халықтың нарықтық бағадан төмен бағамен азық-түліктің қамтамасыз етеді, сондай-ақ облыстың кең қелген ірі дүкенінде өзінің әлеуметтік бұрышын аша алады. Қарыз қаражатты тауар өндірушілерге ауыл шаруашылығы өнімдерімен, не оны қайта өңдеу өнімдерімен қамтамасыз ету үшін тікелей де беріледі. Субъект алған қарыздың «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына кері қайтаралды», деді Г.Әбдіқалықова. Негізгі баға тұрғысынан халыққа жағдай жағсауда азық-түлік жәрмеңкесінің де септігі

тиеді. Өңір басшысының баяндауынша, Қызылорда облысында жыл бойы тұрақты түрде 36 ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілді (азық-түлік тауарлары нарық бағасынан 15-20% төмен бағамен сатылды). Азық-түлік тауарларын өндірушілер және сауда субъектілерімен бағаның негізгі өсуіне жол бермеу мақсатында 300-ге жуық меморандумға қол қойылды, сондай-ақ өндірушілер, көтерме жеткізушілер және ірі сауда желілерімен (4 өндірушімен, 4 сауда желісімен, 5 көтерме жеткізушісімен) 13 монополияға қарсы комплаенс жасалды. Нәтижесінде, әлеуметтік маңызды бар тауарларға баға индексі бүгінде орташа республикалық деңгейден аспайды. «Мемлекет басшысы шағын және орта бизнесті дамытуға айрықша көңіл бөледі. Аталған саланы өңірімізде ілгерілету мақсатында Қызылорда облысының 2023 жылға дейінгі экономикалық даму картасын жүзеге асырып келеміз. Бүгінде жалпы құны 9,5 млрд теңгеге 163 жоба (1,5 мың жұмыс орны құрылған) іске қосылды, оның ішінде биыл 74 жоба (2,3 млрд теңге), 426 жұмыс орны құрылды. Нәтижесінде, қой, сиыр және жылқы етінен жасалған консервілер, күріш, қарақұмық ботқасы, жантақ балы, қауыннан жасалған чипсы және тағы басқалары өндірілуде. Несие алу көлемі жыл сайын ұлғаяуда. Биыл Бизнесстің жол картасы-2025 және «Еңбек» мемлекеттік бағдарламалары аясында және «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жалпы құны 30 млрд теңгеге 2605 жоба қаржыландырылды (2020 жылы 23,4 млрд теңгеге 1659 жоба). Бизнеске жастардың өз өнімдерімізбен толықтыру мақсатында 2 пайызбен несиелеу бағдарламасын іске қостық. Ол

мақсатқа облыстық бюджеттен 400,0 млн теңге бөлінді (348 млн теңгеге 14 жоба қаржыландырылды). Кәсіпкерлікке көпбалалы аналарды қамтып отырмыз (олардың саны 26 мыңнан астам). Мемлекеттік қолдау шаралары нәтижесінде шағын және орта бизнестің жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 17 пайызға жетті», дейді Қызылорда облысының әкімі. Әлеуметтік нысандарға келсек, биылғы 1 қыркүйекке 748 орындық 3 мектеп пайдалануға берілген (Арал ауданы Сексеуіл кентінде 300 орындық, Қызылорда қаласының Саяхат ауданында 348 орындық және Шұғыла ауданында 100 орындық), оның ішінде 2 мектеп 448 орындық жекеменшік мектептер (Қызылорда қаласының Саяхат ауданында 348 орындық және Шұғыла ауданында 100 орындық). Жыл соңына дейін 900 орындық тағы 2 мектепті тапсыру жоспарлануда, оның біреуі апаттық мектептің орнына (Жаңақорған кентіндегі 600 орындық №169) салынып жатыр. «Инклюзивті білім беруді дамыту үшін 47 мектепке дейінгі ұйымдарда 27 мектепте инклюзив кабинеттері ашылууда. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектептер бейнебақылаумен қамтамасыз етілген. Елбасының тапсырмасына сәйкес биыл Қызылордада колледж студенттері үшін 475 орындық 3 жатақхана пайдалануға берілді. Бұқаралық спортты дамыту мақсатында өңірде 7 спорт кешені пайдалануға берілсе, 6 спорт кешенінің құрылысы жалғасуда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес облыста 216 баланы қамтитын мемлекеттік спорттық тапсырысты қаржыландыруды 2021 жылғы 212 млн теңгеден келесі жылы 4312 балалар үшін 638 млн теңгеге ұлғайтуға жоспарлап отырмыз», деді Г.Әбдіқалықова.